МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ТАРТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бақытжан Сағымбеков,
Академияның Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, әділет кеңесшісі, құқық магистрі, LLM

Жаһандық экономикалық өзгерістер кезеңінде ел экономикасының болашағы мен оның әлемдік аренадағы орны басқарушы буын жұмысының үйлесімділігіне, олардың жедел және дұрыс қабылдаған шешімдеріне байланысты болады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев атап өткендей, бүгінде мемлекеттік қызметшілер шешім қабылдау кезінде бастамашылық танытпайды, жауапкершілікті өздеріне алмай, шектен тыс әуре-сарсаңға салады[1]. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілерді қылмыстық процесс шеңберіне негізсіз тарту мәселелеріне ерекше назар аударып отыр.

Академия жүргізген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қылмыстық процесс шеңберіне негізсіз тарту себептерінің бірі – бірқатар ведомстволық нормативтік актілердің жетілмегендігі және құқық қолдану практикасының біркелкі болмауы болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен бірлесіп, осы санаттағы қылмыстық істерді және статистикалық деректерді зерделеу нәтижесінде, көп жағдайларда басқару функцияларын орындайтын адамдарға қатысты қылмыстық істер бойынша келтірілген залал (парақорлық туралы істерді қоспағанда) мемлекеттік аудит актілерінің негізінде анықталатыны байқалды.

ҚСжАЕК статистикалық деректеріне сәйкес (1-М нысанды есеп), 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыстар (парақорлық туралы істерді қоспағанда) бойынша 12 283 іс тіркелді, оның 7 325-і (60%) – қылмыс құрамының болмауына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тоқтатылды.

Бұл 7 325 қылмыстық істің 4 012-сі (54%) қызметкерлердің баянаттары бойынша тіркелген. Олардың едәуір бөлігі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы уәкілетті органдардың материалдарына негізделген (4 012 істің 1 841-і немесе 43%).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, кейіннен

Лауазымды адамдардың баянаттары бойынша тіркеліп, кейіннен қысқартылған істер динамикасы



№1 диаграмма.

қылмыс құрамының жоқтығына байланысты қысқартылған қылмыстық істер бойынша баянаттар санының жылдардағы динамикасы №1 диаграммада көрсетіліп отыр.

Бұзушылық себептерінің бірі – қызметкерлер арыздарды немесе хабарламаларды баянат арқылы қайталап тіркейтін фактілер болып табылады, алайда ҚПК-нің 181-бабына сәйкес арыз беруші тек жеке тұлға немесе мемлекеттік органның лауазымды адамы болуға тиіс.

ҚПК-нің 184-бабына сәйкес қылмыстық құдалау органы лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы баянаты мынадай жағдайларда, яғни:

- өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор қылмыстық құқық бұзушылықтың куәгері болған не қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін оның іздерін немесе салдарын анықтаған кезде;
- қылмыстық құдалау органының лауазымды адамы, прокурор өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтер алған

1. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі. 2020 жыл 19 тамыз. https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-soveshchanii-po-voprosam-borby-s-korrupciei

кезде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп болады.

Осы санаттағы қылмыстық істерді зерделеу барысында, қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық істерді тоқтатудың негізгі себептері болып аудиторлар мен қылмыстық қудалау органы жол беретін мынадай кемшіліктер мен бұзушылықтар танылатыны анық болды.

Сонымен тергеп-тексеру барысында жүргізілген сот сараптамаларының қорытындыларымен аудиттің бастапқы қорытындыларын растамау фактілері кездеседі.

Мемлекеттік аудиторлардың тек ұсынылған құжаттар бойынша (объектіге бармай және бақылау өлшемін жүргізбей) үстіртін және толық емес тексерулер жүргізетіні анықталды.

Нәтижесінде тергеу сатысында сот сараптамаларын жүргізу кезінде, залал сомасына тиісті өлшеулер жүргізуде аудиторлардың тұжырымдары расталмайды және кейіннен қылмыстық істер қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылады. Мысалы Маңғыстау облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті 2019 жылы ҚК-нің 189-бабы 3-бөлігінің 2 және 3-тармақтары бойынша көлік басқармасы мен «А» ЖШС-нің лауазымды тұлғаларына қатысты істі тергеді. Тергеуге мемлекеттік аудит актісі негіз болып, оған сәйкес 6 млн. теңгеден астам сомаға тауарлар алынбаған, алайда сот-құрылыс сараптамасының қорытындысына сәйкес, жолдарды жарықтандыруды орнату кезінде барлық тауарлар сатып алынған және заң бұзушылықтарға жол берілмеген.

Аудит барысында қаржылық айырмашылықтардың себептерін анықтау бойынша шаралар қабылданбағаны анықталып, сәйкесінше қылмыс құрамының болмауына байланысты іс негізді түрде тоқтатылды.

Бұдан басқа қажетті білімі бар тиісті мамандардың қатысуынсыз аудит жүргізіледі.

Мысалы, 2019 жылы Батыс-Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қызметкерлеріне қатысты автомобиль жолына орташа жөндеу жүргізу кезінде бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша істі тергеді.

Бастапқыда аудитор жол жиектерін нығайту бойынша орындалмаған жұмыстардың құнын 100 млн.теңгеден астам сомаға белгілеген. Алайда куәгер ретінде жауап алу кезінде, жол құрылысы саласында біліктілігінің болмауына байланысты, жол жиегі жабыны қалыңдығының жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келмеуін есептемегенін көрсетті.

Құрылыс-экономикалық сараптама аудитордың тұжырымдарын жоққа шығарып, нәтижесінде жымқыру фактілері анықталмай, қылмыс құрамының болмауына байланысты іс тоқтатылған.

Сонымен қатар «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік аудит саласындағы уәкілетті органдар мемлекеттік аудит жүргізу үшін, мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын (олармен келісім бойынша), сондай-ақ қажет болған жағдайда аудиторлық ұйымдарды, сарапшыларды бөлінген қаражат шегінде тиісті бюджеттен олардың қызметтеріне ақы төлей отырып тартуға құқылы (18-баптың 8-тармағы).

Оған қоса аудит органдары бұл норманы әрдайым қолдана бермейді, өйткені ол тартылған мамандардың еңбегіне ақы төлеу қаржыландыру мәселелеріне байланысты болып отыр.

Қылмыстық істерді тоқтатудың тағы бір себебі – аудит материалдарын сапасыз жинау.

Жоғарыда көрсетілген Заңға сәйкес, мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша айқындалатын бұзушылықтар мен кемшіліктер фактілері аудиторлық дәлелдемелерге және (немесе) өзге де құжаттар мен ақпаратқа негізделеді (20-бап).

Мысалы Ақтөбе облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 2018 жылы Қылмыстық кодекстің 189-бабының 3-бөлігі бойынша Хромтау орта мектебін жөндеу кезінде бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады.

Бақылау өлшемі актісі бойынша 3 млн.теңгеге жуық сомаға орындалмаған жұмыстар анықталған. Ал сот құрылыс-экономикалық сараптама нәтижелеріне сәйкес орындалмаған жұмыстардың құны 1,5 млн.теңгені құрады.

Сонымен қатар қосымша сот құрылыс-экономикалық сараптамасының нәтижелері бойынша жөндеу барысында мердігердің сыртқы жұмыстарды орындауы жобалау-сметалық құжаттамада көзделмеген ішкі жұмыстарға ауыстырылғаны анықталды. Қайталама сот сараптамасының қорытындысына сәйкес, нақты орындалған жұмыстардан бөлек 1 млн. 800 мың теңгені құраған жұмыс қосымша орындалған.

Осылайша аудитор жүргізген алғашқы тексеруде жымқырудың болуы немесе болмауы фактісі бойынша баға беру үшін, елеулі шешімі бар жұмыстарды ауыстыру туралы комиссия шешімін назарға алған жоқ, бұл сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негізсіз басталуына және қылмыстық процеске бірқатар лауазымды адамдарды тартуға әкеп соқты.

Мемлекеттік аудиторлар бұзушылықтар мен кемшіліктердің болуын немесе болмауын анықтайтын, сондай-ақ аудиторлық есепте баяндалған фактілерді растайтын өзге де материалдардың негізінде олардың заңдылығын, дәйектілігін және жол берілуін ескере отырып, нақты деректер аудиторлық дәлелдемелер болып табылатынын атап өту маңызды.

Заңда аудиторлардың қылмыс белгілерінің болуын немесе болмауын анықтау үшін жеткілікті дәлелдер жинауға барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Аудиторлық дәлелдемелерді тиісті түрде жинаған кезде қылмыстық қудалау органы аудит материалдарын СДТБТ-ға негізсіз тіркеу тәуекелін төмендетеді.

Баяндалғанды ескере отырып, Академия сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды басқарушылық қателіктерден ажырату және мемлекеттік қызметшілерді негізсіз жауапкершілікке тартуды болдырмау мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеу шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, өтініштер мен хабарламаларды тіркеу, сондай-ақ аудит материалдарын құқық қорғау органдарына беру тәртібін регламенттейтін ведомстволық нормативтік актілерге бірыңғай ұсыныстар әзірледі.

Көрсетілген заңнамалық шаралар кең түсіністік пен қолдау тауып, қазіргі уақытта келісу және бекіту сатысында тұр.

Әзірленген ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар құқық қолдану практикасын ретке келтіруге және мемлекеттік қызметшілерді қылмыстық процеске негізсіз тарту фактілерін азайтуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.